

**Г.И. СУПУГАЛИЕВА,<sup>1</sup>**  
аға оқытушы.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университеті<sup>1</sup>

## **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **Андатпа**

Мақалада «зейнетақымен қамсыздандыру» және «зейнетақы жүйесі» ұғымдарының мазмұны, әлемдік масштабта зейнетақымен қамсыздандырудың қалыптасу кезеңдері қарастырылады, олардың дифференциациясы әрқайсысының негізгі сипаттамасын белгілеуге мүмкіндік береді: ұлттық зейнетақы жүйелерінің қалыптасуы, халықты зейнетақымен қамсыздандырумен кеңірек қамту және зейнетақымен қамсыздандыру парадигмасын өзгерту. Дамыған батыс елдеріндегі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін салыстыра отырып талдау жасалған. Дамыған елдерде зейнетақы жүйесін реформалау аясында мемлекеттік зейнетақы сақтандыру тетіктеріне қосымша ретінде мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыру енгізілді. Бұл міндетті және ерікті жеке зейнетақылық сақтандыру түрінде өтті. Міндетті жеке зейнетақымен қамсыздандыру – зейнетақымен қамсыздандырудың түрі, онда тұлғалардың сақтандырылған зейнетақы жарналары азаматтар зейнеткерлікке шыққаннан кейін жеке зейнетақы қорларына аударылады. Ерікті жеке зейнетақымен қамсыздандыру – міндетті зейнетақы әлеуетін арттыру үшін арналған, ол мамандандырылған қаражат жеке жинақ портфельдерінің ерікті құруына негізделген және әдетте, жеке сектор арқылы жүзеге асырылады. Мақалада белгіленген жарналар сызбасы ретінде ұсынылған зейнетақымен қамсыздандыру үлгілері талданды, басқару және қатысу әдістеріне байланысты олардың жіктелуі берілген. Зейнетақымен қамсыздандырудың негізгі институттары қарастырылып, олардың комбинациясы әлемнің түрлі елдеріндегі заманауи зейнетақы жүйесін құру үшін негіз болды. «Зейнетақымен қамсыздандыру» және «зейнетақы жүйесі» терминдерінің саралануына ерекше назар аударылады.

Тірек сөздер: зейнетақымен қамсыздандыру, зейнетақы жүйесі, сақтандыру, жарналар, зейнетақы қорлары, жинақ.

Қазақстанда демократиялық және құқықтық мемлекеттің қызмет етуі халықты әлеуметтік қорғауға байланысты қарым-қатынастарды реттеуге деген қызығушылығын шарттады. Зейнетақымен қамсыздандыру қоғамның тұрақты дамуына әрекеттесетін мемлекеттің негізгі кепілдемесі ретінде қарастырылады, ол еңбекке жарамды халықтың мүддесіне қатысты.

Тақырыптың өзектілігі соңғы уақытта ерекше мәнді болып келе жатқан зейнетақымен қамсыздандырудың жоғары деңгейіне жету мәселелерімен шартталған. Мысалға, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстан–2050» Стратегиясы атты Жолдауында ХХІ-ғасырдың жаһандық он сын-қатерінің бірі демографиялық теңгерімсіздік деп атап өтілді [1]. Халықтың қартаюымен анықталатын оның демографиялық құрылымындағы түбегейлі өзгерістер экономикалық белсенді халық пен зейнеткерлердің арақатынасында Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ, дамыған елдердің басым бөлігіндегі зейнетақымен қамсыздандырудың мәселелі сұрақтарына баса назар аудартады.

Зейнетақымен қамсыздандыруды іске асыру ерекшеліктерін ескере отырып, ақпараттық-сараптамалық материалдары орталық банктердің, қаржы биліктері мен еңбек және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі органдардың есептері мен стратегиялық құжаттарында айтарлықтай шамада сипатталған.

Зерттеу барысында модельдеу, талдау, синтез, дедукция, индукция, жіктеу, жүйелі тәсілдеме, бақылау сияқты зерттеуді жүргізу әдістері қолданылды.

Әлемдегі зейнетақымен қамсыздандырудың қалыптасуы және оны реформалау олардың тарихи дамуымен тікелей байланысты, бұл әртүрлі зейнетақы жүйелерінің құрылуын анықтайтын факторларды талдаудың бастапқы нүктесі болып табылады.

Бұрынғы зейнетақымен қамсыздандыру жүйелерін 1880-ші жылдары Германияда Отто фон Бисмарк құрған болатын. Оның негізі ретінде әлеуметтік қорғаудың дәстүрлі тетіктерінің

сәйкес келмеуіне байланысты тәуекел мен қауіп-қатерден міндетті әлеуметтік сақтандыру әдісі болды.

1889 жылы әлемде тұңғыш ресми зейнетақы жүйесі пайда болды. Зейнетақымен қамсыздандыру кезең-кезеңімен қалыптасып отырды, 1883 жылдан бастап науқастар мен жарымжан болып қалғандарға қаржылай көмек көрсетуді енгізу қарастырылды, кейінірек қамсыздандыру жаппай сипатқа ие болды. Бисмарктің зейнетақымен қамсыздандыру саласында жасаған реформаларының мақсаты – Германияны социалистік көзқарасты таратудан алшақтату, әлеуметтік саясаттағы реформалар арқылы жұмыс тобын жүйеге интеграциялауға тырысу болып табылады.

1935 жылы Рузвельт әлеуметтік қорғау Актісіне қол қойды, алайда АҚШ-та зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі айтарлықтай кейінірек пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі алғашқы он жылдықта әлемде Бисмарк пен Беверидждің зейнетақы модельдері қызмет етті.

Қазіргі кезде Ұлыбританияда, Австралияда, Канадада қолданылатын зейнетақымен қамсыздандыру моделін өз заманында У. Беверидж әзірлеген болатын. Оның моделіне сәйкес, зейнетақымен қамсыздандыру жұмыс берушілердің және жұмыс істейтін қызметкерлердің жарналары есебінен жүзеге асырылатын, ал зейнетақыға құқық алу мүмкіндігі жарналарды аударуға негізделетін. Бұл модельде әмбебаптылық қағидасы басшылыққа алынатын қағида қызметін атқарды, ол қызметкерлердің бір мөлшерде жарна аударып, кейіннен зейнетақы төлемінің бірдей мөлшерін алудан тұрды [2].

Әлемдік ауқымда зейнетақымен қамсыздандырудың бірнеше қалыптасу және реформалану қадамын бақылауға болады.

Бастапқы қадам – белгілі бір зейнетақы моделін пайдалану арқылы ұлттық зейнетақы жүйелерінің қалыптасуы.

Екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі кезең – халықты зейнетақымен қамсыздандырумен қамтудың кеңеюі, соның салдарынан әртүрлі елдегі зейнетақы жүйелерінің негізі салынады.

1970 ж. бастап 1990 ж. дейінгі кезең Латын Америка елдерінде, одан кейін – посткеңестік кеңістігіндегі елдерде зейнетақы реформаларының салдарынан зейнетақы парадигмасының өзгеруі.

Зейнетақымен қамсыздандыру модельдерін төлемдері бекітілген сызба түрінде және жарналары бекітілген сызба ретінде көрсетуге болады. Бірінші жағдайда зейнетақының мөлшері инвестицияланған капиталдың өнімділігіне қарамастан кепілдендірілген еңбекақыдан пайыз түрінде бекітіледі. Екінші сызбада зейнетақы төлемдерінің деңгейі жарна түрінде төленген сомаға және осы сома бойынша алынған пайызға тікелей тәуелді болып келеді. Төлемдері бекітілген сызба бөлу жүйесінде қолданылады, ал жинақтаушы жүйеде жарналары бекітілген зейнетақы тетігі пайдаланылады. Қос сызба қолданылған кезде, зейнетақы жүйесі араласқан болып табылады.

Басқару тәсіліне тәуелді мемлекеттік және жеке басқару ажыратылады, олардың мәні зейнетақы қорларын басқарудан тұрады.

Қатысу тәсілдері бойынша зейнетақы сызбалары міндетті, бұл кезде салымшы зейнетақы қорларына жарнаны заңнамалы түрде міндетті аударуы тиіс және ерікті деп бөлінеді.

Қазіргі уақытта әлемдік тәжірибеде зейнетақымен қамсыздандырудың негізгі үш институты қызмет етеді, олардың комбинациясы әртүрлі зейнетақы жүйесін құрайды. Дамыған елдерде кедейшілікпен күресу құралы ретінде әлеуметтік жәрдем. Зейнеткерлік жасқа толған кезде ең төменгі қажетті өмір сүру деңгейіне жету үшін міндетті зейнетақыны сақтандыру.

Жеке ерікті сақтандыру – еңбек қызметі тоқтатылған кезде тіршілік етуді қамтамасыз ету үшін ерікті негізде қаржы құралдарын жинақтау институты. Әлемдік тәжірибеде зейнетақы жүйесін жасаудың екі моделі іске асырылуда: үлестірмелі (бірдей) және жинақтаушы (жинақты).

Үлестіру моделінің негізіне зейнетақы көлемінің еңбекақы деңгейіне, еңбек өтіліне, сондай-ақ, сақтандыру жарналарының көлеміне тәуелділігі салынған. Сақтандыру жарнасының есебінен, ол жұмыс берушілер мен азаматтардан өндіріліп алынады, зейнетақының төленуі жүргізіледі, яғни мәнісі бойынша, «алдыңғы ұрпақтың зейнетақысы кейінгі ұрпақтың жарналары арқылы қаржыландырылады».

Зейнетақы жүйесінің жинақтаушы моделі үлестіру моделінің толық қарама-қайшылығы болып табылады: сақтандыру жарналары мамандандырылған қаржы компаниясының зейнетақы шотына салынады, оның міндеті осы қаражатты арттыру үшін оны әртүрлі қаржы нарықтарында орналастыру. Жинақтаушы моделінің халықтың қартаюы мәселесіне тәуелсіздігі оның үйлестіруші моделінен елеулі өзгешелігі болып табылады.

Жинақтаушы моделінде келесі артықшылықтарды ажыратуға болады:

- ◆ демографиялық мәселелерге тәуелсіздігі, ол үйлестіру жүйелерінің тиімділігіне күмән келтіреді;

- ◆ жинақталу сомасына, сондай-ақ, инвестициялау нәтижелігіне тәуелді зейнетақы мөлшерінің сараланғандығы;

- ◆ мемлекеттің экономикалық дамуы үшін шоғырланатын қаражатты тиімді пайдалану мүмкіндігі.

Табыс туралы ілімге сәйкес классикалық экономика ғалымдары

А. Смит, Д. Милль және Д. Рикардо оның негізгі құрамдастарына рентаны, капиталды (пайда) және еңбекақыны жатқызған. Зейнетақы тетігі енгізілгенде әлемдік ғылым зейнетақыны жұмыс істейтін халықтың табысының бір бөлігі деп есептеді, себебі, ол ұрпақтардың тілектестігі қағидасы бойынша қайта бөлу үрдісінде егде халықтың табысына айналды. Дегенмен, зейнетақымен қамсыздандырудың әртүрлі сұлбасы пайда болған кезде, осы дефиниция мазмұнының мәні тұрғындар табысының бір бөлігі бола тұра, бірақ табыс әкелетін капитал ретінде трансформацияланды (өзгертілді).

Классик-экономисттер «капиталға табыс» дегенді капиталдан түскен пайыз сомасы және тәуекел үшін сыйақы деп түсінген. А. Смиттің пікіріне сәйкес, «адамдардың әлеуетте қазіргіден де көп тұтына алатыны жөнінде бекем сенімі болмағанша, олар өз иелігіндегі қаражатты және оның сатып алушылық қабілеттілігін пайдаланудан еш уақытта бас тартпайды» [3].

Осы пайымдаудың растауы ретінде зейнетақымен қамсыздандырудың үйлестірімді сызбасынан жинақтаушы сызбасына қарай ілгерілемелі кезеңі болып табылады, бұл нәтижесінде «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында мазмұнданатын «зейнетақы» түсінігінің анықтамасына алып келеді: «Зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы».

«Зейнетақы» және «науқастанып қалуы мен мүгедектігі бойынша әлеуметтік төлем» түсініктерін ажыратып алу қажет. Зейнетақы еңбекке қабілетті жылдар бойы жиналуы тиіс болса, әлеуметтік төлемдер мемлекеттің бірқатар себептен тұрмыс жағдайы төмен немесе еңбекке қабілетсіз тұрғындарға жәрдемдесу құралы болып табылады.

1998 жылы зейнетақымен қамсыздандыру саласында жүргізілген реформаның салдарынан Қазақстанның қаржы аренасында зейнетақы нарығының жаңа субъектілері, мысалға, Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік Орталығы (ЗТМО), кейіннен – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) пайда болды. Оның функциясы – зейнетақымен қамсыздандыруға әкімшілік жүргізуді (басқаруды) қамтамасыз ету.

Бүгінгі күнде «зейнетақымен қамсыздандыру» түсінігінің семантикасына (мағынасына) қатысты пікірталастар өзекті болып табылады. Алайда, бұл мәселенің өзектілігі жағдайында, аталмыш салада теориялық зерттеулердің жетіспейтінін атап өтуге болады.

Қазақстандық ғалым экономистердің көзқарасында, зейнетақымен қамсыздандыру дегеніміз бұл «азаматтардың өз қарттығын материалдық және табиғи (әлеуметтік қызметтер) қамтамасыз ету үшін не болмаса, мүгедектіктің басталуы немесе асыраушыдан айырылып қалған жағдайда, табыстың бір бөлігін жинақтайтын құқықтық және әлеуметтік-экономикалық институты» деген анықтама берілген болатын [4]. Мемлекеттің барлық тұрғыны зейнетақымен қамсыздандырудың объектісі болып табылады, ал субъектісі зейнетақымен қамсыздандырудың ұйымдастырылуы мен басқаруын қамтамасыз ететін құрылымдар болып табылады.

Зейнетақымен қамсыздандыруды әртүрлі аспектіде қарастыруға болады. Бұл заң ғылымы тұрғысынан алғанда, зейнетақымен қамсыздандыру бұл қоғамның еңбекке қабілетсіз тұрғындарды өз қамқорында ұстауына бағытталған қарым-қатынасты реттейтін заңнаманың бір

саласы болып табылады. Зейнетақымен қамсыздандырудағы құқықтық норманың басым бөлігі еңбек заңнамасының бір бөлігі, бұл зейнетақымен қамсыздандырудың еңбекпен өзара байланысты екенін көрсетеді.

Әлеуметтануда зейнетақымен қамсыздандыру – бұл жасына қарай, сондай-ақ, денсаулығына байланысты (мүгедектілік) еңбекке қабілетсіз тұрғындарды қоғамның есебінен қамқорында ұстаудың нысандар жиынтығы болып табылады.

Экономикалық ғылым тұрғысынан алғанда зейнетақымен қамсыздандыру ұлттық табыстың бір бөлігі болып табылады, ол еңбекке қабілетсіз тұрғындарды өз қамқорында ұстауға байланысты қолданылады.

«Зейнетақымен қамсыздандыру» түсінігін әртүрлі тұрғыдан қарастырылған бөлігінде жоғарыда көрсетілген анықтамалармен келісе отырып, зейнетақы жүйесін және мемлекеттің әлеуметтік жәрдемін ажыратуға баса назар аудару қажет.

«Зейнетақымен қамсыздандыру» және «зейнетақы жүйесі» анықтамаларының мағынасы ешбір жағдайда пара-пар болып табылмайды. Сондықтан зейнетақы жүйесі заң бойынша, елде қызмет ететін жүйе айтылады. Яғни, мемлекеттегі зейнетақы жүйесі зейнеткерлік жасындағы тұрғындардың орнықты өмір сүру деңгейін мемлекеттің реттеу құралдары арқылы қамтамасыз ету тетігі болып табылады.

Қазақстандық ғалым экономистердің зерделеуінен зейнетақы жүйесі «зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру және басқару бойынша өзара байланысқан құрылымдардың жиынтығы, сондай-ақ, қарттық, мүгедектілік басталғанда немесе асыраушыдан айырылғанда азаматтарды материалдық және табиғи қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық тетіктері» болып табылады [4]. Орыс экономистері зейнетақы жүйесі дегеніміз «...әлеуметтік қамсыздандырудың құрамдас бөлігі, қоғамның әлеуметтік саласындағы бір сектордың тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге арналған қорғаныстық тетік буыны» деп түсіндіреді [5]. Сондай-ақ басқада ғалым экономистердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, зейнетақы жүйесі «...тиісті зейнетақы қорларын құру жөніндегі қарым-қатынасты, оның есебінен зейнетақы төленеді және өзге де зейнеткерлік төлемдері жүргізіледі, қоғам мүшелерін зейнетақымен және өзге де зейнетақы төлемдерімен материалдық қамтамасыз ету жөніндегі қарым-қатынасты және зейнетақымен қамсыздандыруды басқару мен ұйымдастыру бойынша қарым-қатынастарын реттейтін кешенді құрылым» болып табылады [6].

«Зейнетақы жүйесі» түсінігін анықтаған кезде кейбір экономистердің пікірінше, ол жарнаны жинауды, есебін жүргізуді және пайда көрушіге (бенефициарға) зейнетақы төлеуді қамтамасыз ететін тетік.

Осылайша, отандық және шетел экономистерінің зерттеулеріне негізделі отырып, зейнетақы жүйесі – бұл қарттық басталған кезде материалдық ресурстарды резервтейтін әлеуметтік-ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық институттар болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Осы жерден «зейнетақымен қамсыздандыру» түсінігіне анықтама беруге болады: зейнетақымен қамсыздандыру бұл – қарттық (немесе заңнамалық бекітілген қызмет өткерген жылдар) басталған кезде халықты материалдық ресурстарды резервілеу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету үшін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік іс-шаралардың мемлекеттік жүйесі болып табылады. Осы жүйенің арқасында экономикалық белсенділік кезеңінде аударылуы тиіс міндетті немесе ерікті зейнетақы жарнасының мөлшеріне сәйкес есептелетін зейнетақының бекітілуі емес, оның төленуі қамтамасыз етіледі.

Экономикалық санат ретінде зейнетақымен қамсыздандырудың мәнін анықтаған кезде оның өзіндік ерекшелігін атап өтпесе болмайды, себебі ол ұлттық табыстың оқшауланған бөлігі бола тұра, оның бағыты әлеуметтің еңбекке қабілетсіз мүшелерінің қалыпты тіршілік ету жағдайын қалыптастыруға бағытталады.

Экономикалық қатынастарға қатысушылар мыналар болып табылады:

- 1) мемлекет;
- 2) зейнеткерлік жасына жеткен тұлғалар;
- 3) экономикалық белсенді әлеуметтің мүшелері;
- 4) қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аударуы тиіс ұйымдар (жұмыс берушілер).

Зейнетақы жүйесіндегі экономикалық қатынастардың объектісі ретінде зейнеткерлердің қажеттіліктерін өтеуге жіберілетін ұлттық табыстың бір бөлігі ретінде ақша қаражатын шоғырландыру болып табылады.

Қордың зейнетақы активтеріне зейнеткерлік жасындағы тұлғалардың әртүрлі санаты үміттен алады. Шартты түрде оларды екі топқа бөлуге болады:

- 1) қажетті еңбек өтілін жұмыспен өтеген және зейнеткерлік жасына жеткен тұлғалар;
- 2) қызметін өткеруі бойынша зейнеткерлікке шыққан тұлғалар.

Зейнетақы жүйесінің қалыптасуы бойынша жүргізілген зерттеу негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: ХХ ғасырдың басында әлеуметтік сақтандыру институттары басымы болды, ал мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру қағидалары оның орнын басты. Әлеуметтік теңгерімсіздік пен бюджеттің артып келе жатқан жетіспеушілігіне байланысты соңғы он жылдықта көптеген елдер өзінің қарттығын қамтамасыз ету бойынша әрбір азаматтың жеке жауапкершілігіне бағытталуға шешім қабылдады. Әрбір азаматтың зейнетақы қорында қаражат жинауы «зейнетақы» түсінігін пайда әкелетін капитал ретінде мазмұндалуын анықтады. Әртүрлі елде негіз ретінде алынған жинақтау жүйесі зейнетақы жүйесінің жалпымен қабылданған үш деңгейлі құрылымын анықтады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан–2050»: новый политический курс состоявшего государства» от 14.12.2012 г. [Электронный ресурс]. URL: [www.akorda.kz/upload/](http://www.akorda.kz/upload/) (дата обращения: 28.10.2016).
- 2 Madrid R.L. Ideas, economic pressures and pension privatization // Latin American politics and society. – 2005. – Vol. 47. – № 2. – P. 23–50.
- 3 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Экономика, 1993. – С. 570.
- 4 Тулепбаев К.М. Новая модель пенсионного обеспечения населения РК: теория, методология и механизмы реализации: автореферат дис. ... докт. экон. наук. – Алматы, 2007. [Электронный ресурс]. URL: <https://refdb.ru/look/2492290-pall.html> (дата обращения: 29.10.2016).
- 5 Куценко В.В. Пенсионное обеспечение в России: история, состояние, перспективы: текст лекций. – Новосибирск, 2006. – С. 103.
- 6 Захаров М.Л., Тучкова Э.Г. Право социального обеспечения России. – 2-е изд., перераб. – М.: Издательство «БЕК», 2002. – С. 202–258.

## Аннотация

В статье рассматриваются содержание понятий «пенсионное обеспечение» и «пенсионная система», этапы становления пенсионного обеспечения в мировом масштабе, дифференциация которых позволяет выделить основные характеристики каждого из них: становление национальных пенсионных систем, расширение охвата населения пенсионным обеспечением и изменение парадигмы пенсионного обеспечения. Рассмотрены в качестве примеров особенности функционирования пенсионных систем ведущих западных стран на современном этапе развития. В качестве дополнения к государственным механизмам пенсионного страхования в рамках реформ пенсионных систем в развитых странах вводились механизмы негосударственного пенсионного обеспечения. Это происходило в форме обязательного и добровольного частного пенсионного страхования. Обязательное частное пенсионное обеспечение – вид пенсионного страхования, при котором пенсионные взносы застрахованных лиц перечисляются в частные пенсионные фонды, которые после выхода граждан на пенсию осуществляют выплаты. Добровольное частное пенсионное обеспечение предназначено для расширения возможностей обязательного пенсионного обеспечения, оно основано на добровольном создании частных портфелей сбережений в специализированных фондах и, как правило, осуществляется через негосударственный сектор. В статье анализируются модели пенсионного обеспечения, представленные как схемы с установленными взносами, дана их классификация в зависимости от способа управления и способа участия. Рассмотрены основные институты пенсионного обеспечения, комбинация которых послужила основой для построения современных систем пенсионного обеспечения в разных странах мира. Особое внимание уделяется дифференциации понятий «пенсионное обеспечение» и «пенсионная система».

Ключевые слова: пенсионное обеспечение, пенсионная система, страхование, взносы, пенсионные фонды, сбережения.

### **Abstract**

The article describes the concepts “pension provision” and “pension system”, the stages of the development of pension provision on a global scale, the differentiation of which allows us to identify the main characteristics of each of them: the formation of national pension systems, the expansion of the coverage of the pension provision and the paradigm shift in pension provision. Examples of the functioning of the pension systems of the leading Western countries at the present stage of development are considered as examples. As a supplement to the state pension insurance mechanisms, in the framework of pension system reforms in developed countries mechanisms of non-state pension provision were introduced. This was done in the form of compulsory and voluntary private pension insurance. Mandatory private pension provision is a form of pension insurance, whereby pension contributions of insured persons are transferred to private pension funds, which after the retirement of citizens make payments. Voluntary private pension provision is designed to expand the capacity of mandatory pension provision, it is based on the voluntary creation of private savings portfolios in specialized funds and, as a rule, is carried out through the non-state sector. The article analyzes the models of pension provision presented as schemes with defined contributions, their classification is given depending on the method of management and the mode of participation. The main institutions of pension provision are considered, the combination of which served as the basis for building up modern pension systems in different countries of the world. Particular attention is paid to the differentiation of the terms «pension provision» and «pension system».

Key words: pension provision, pension system, insurance, contribution, pension funds, savings.